

БӨЛІМ: ПСИХОЛОГИЯ

«Баланы ойын арқылы адамгершілікке баулу»

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.01.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/67325/>

Манғыстау облысы

Жаңаөзен қаласы

Жұлдыз ш/а «Рахат бөбекжай-бақшасы»

Дунканаева Рахима Калдарбаева педагог-психолог

Тақырыбы: «Баланы ойын арқылы адамгершілікке баулу»

Ойын-мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі іс-әрекетінің бір түрі. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш жігерін жұмсап үйренеді. Бүгінгі күні талабы-баланың ақыл-ойын парасаттылық дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойын жүйрік етіп тәрбиелеу. Сондықтанда баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың бойында оқытуды мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы ойын әрекеті, яғни ойын – баланың жетекші әрекеті. Бірақ ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болуы керек. Яғни оқыту, тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау мектепке дейін мекеме педагогтарының негізгі міндеті. Бүгінгі күні мектепке дейінгі жастағы балалардың толық интеллектуалды даму мәселесі әлі де өзекті болып отыр. Интеллектуалды толық дамыған мектеп жасына дейінгі бала сабақты жақсы оқиды, берілген материалды тез қабылдайды. Сол себепті мектепке дейінгі білім беру мекемесінде ұйымдастырылған оқу-тәрбие үрдісінде зейін, есте сақтау, ойлау қабілетін, елестету сөздік қорын дамытатын және жаттықтыратын жұмыстарға көп көңіл бөлінеді. Дидактикалық ойындар арқылы балалардың ойлау қабілеттері дамиды сабаққа деген қызығушылықтары артады. Ойын барысында балалар педагогпен бірлесіп ереже бойынша қызықты тапсырмалар орындап, жағымды қарым-қатынас жасау балалардың эмоционалды көңіл-күйлерін көтереді. Сондықтанда дидактикалық ойынға қажетті құрал жабдықтар, атрибуттар айшықты мазмұнды безендірілуде өте маңызды. Балаларды интеллектуалды дамуына әсер ететін жаңа ойын технологиялары да біздің балаларға танымал. Мысалы логикалық тізбек ойындары логикалық ойлау арқылы бала саралау

салыстыру, жинақтау сияқты өз бетімен іс-қимылдар жасауды үйренеді. Баланың логикалық ойлауы өздігінен қалыптаспайды, оның дамуына мақсатты түрде білім беру мамандарының, ата-аналардың балалардың бірлескен жүйелі жұмысы қажет. Балалар ойыны заттың-қол қимылының (пирамида жинау, текшелерден үй құрау) даму жолына бастап интеллектуалды даму ойынына дейін жетеді. Логикалық ойлауды дамытудың негізгі рөлі математикалық ойындарға жатады. Бұл ойындар арқылы интеллектуалды дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің танымдық іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиді. Мысалы суреттерді есте сақтау керекті фигураны қызықты геометриялық лабиринт ойындары және т.б. Ойы, саяздың тілі саяз деген ұлағатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілінде қалыптастырады. Қорытып айтқанда, балаларды интеллектуалды дамыту тәрбиесі білімді тереңдетуге бекітуге, оның тәжірибелік мәнін түсінуге септігін тигізеді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.